Психолог	1	0	0	0	1	0
Әлеуметтік педагог	1	0	0	0	1	0
Логопед	1	0	0	0	1	0
Барлығы	21	2	4	9	6	2

2025-2026 оқу жылында педагогикалық ұжымда 21 педагог жұмыс істейді. Оның 71,4 % санаты бар педагогтер. Оның ішінде: педагог-зерттеуші 9 % (2 мұғалім), педагог-сарапшы 19 % (4 мұғалім), педагог-модератор 52,3 % (11 педагог).

-білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Мұғалімдер жетістіктері

1.Аргингазина Айгуль Танатовна

- Қарасу ауданының жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Мақатаев оқулары» конкурсында шәкірті - Әміркүл Балауса I орын иеленгені үшін марапатталады (Қарасу ауданы, 2025 жыл)
- Аудандық Мақатаев оқуларының жеңімпазын дайындағаны үшін Алғыс хат (Қарасу ауданы, 2025 жыл)
- Өз тәжірибесін зерттеу шеңберінде курстан кейінгі сүйемелдеу қорытыдылары бойынша дөңгелек үстелде баяндама жазғаны үшін (Lesson study, Action research, Facilitated action research) Сертификат (Қостанай, 2025 жыл)
- «Директор – мектептің жүрегі» атты байқауының облыстық кезеңі – Сертификат, 2026 ж.
- «Білім берудегі шахмат; бастауыш сыныптарға енгізу» атты республикалық конференциясында тәжірибе алмасу,2026 жыл

2. Аманболганова Қымбат Канатовна

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

3. Ахметов Мақсат Музаппарұлы

- Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің еңбек жолын насихаттау және Қостанай облысы жастары арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту мақсатында өткізілген «Құқықтық сауаттылық және азаматтық ұстаным» атты YBYRAI CUP IV облыстық пікірсайыс турниріне шәкірті - Кульбаева Сабина және жетекшісі қатысқанын растайтын Сертификат (2025 жыл)
- аудандық «Прокачай навик» іс-шарасына қатысып, «Парасат» дебат клубы- Сертификат, 2026 ж.
- 2026 жылы «Тарих ата» республикалық олимпиадасы – II, III орындар- жетекшісі Ахметов Мақсат

4. Байжанова Роза Бейсембаевна

- 7-8 сынып оқушыларының арасында республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде II орынға ие болған (орыс тілі мен әдебиеті) шәкірті -Козубаев Елдар Диплом иегері (2025 жыл)
- 9-11 сынып оқушыларының арасында республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде I орынға ие болған (орыс тілі мен әдебиеті) шәкірті -Козубаев Мадидиплом иегері (2025 жыл)

5. Болатбаева Гульнара Кабиевна

- Облыстық бастауыш сынып мұғалімдерінің «Педагогикалық шеберлік мектебі» шеберлік сыныбы – Сертификат, 2026 ж,
- «Прокачай навик» аудандық іс-шара – Сертификат, 2026 ж.
- «Білім берудегі шахмат; бастауыш сыныптарға енгізу» атты республикалық конференциясында тәжірибе алмасу,2026 жыл

6. Бөлтiрiкова Айдана Бауржанқызы

-Қостанай облысы әкiмдiгi бiлiм басқармасының «Әдiстемелiк орталығы» КММ «Балабақша-мектеп: МЖМБС нәтижелерiне қол жеткiзудегi сабақтастық» идеялар панорамасы байқауына қатысқаны үшiн Сертификат (2025 жыл)

-Аудандық Жансүгiров оқуларының жеңiмпазын дайындағаны үшiн Алғыс хат (2025 жыл)

-«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тiлi олимпиадасының облыстық кезеңiнiң жүлдегерiн дайындағаны үшiн Алғыс хат (III орын)(2025 жыл)

- «Педагогикалық идеялар фестивалi» - Сертификат, 2026 ж.

- Облыстық оқу-әдiстемелiк кеңес отырысының № 4 хаттамасы 2026 жылғы 5 мамырында «Құндылыққа негiзделген бiлiм беру: қазақ әдiбиетi пәнiнiң мүмкiндiктерi» әдiстемелiк құралы мақұлданды

7. Жаугашева Айжан Арыстановна

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

8. Кенжебаев Бекжан Амиркулович

- Сертификат за участие в районном мастер-классе «Терапия искусством» для родительской общности и детей (2025 жыл)

- «Прокачай навык» аудандық iс-шара – Сертификат, 2026 ж

-Сертификат за участие в районном мастер-классе «Терапия искусством» для родительской общности и детей (2026 жыл)

9. Қайбұлда Әсел Жанасбайқызы

- Ауыл оқушыларына арналған пәндiк Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңi Исемберлиев А. - III орын, республикалық кезеңi – Сертификат.

- ЖББ пәндерi олимпиадасының жаратылыстану пәнi – 3 орын Ибраева М., 2025 ж.

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

10. Қамидоллаұлы Мейрамбек

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

11. Едигенова Асия нарбековна

-«Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

12. Раймбеков Маулен Жетпесович

- Грамоты ученицы Каратаева Аулым, занявшая I место в первенстве Карасуского района по пулевой стрельбе посвященного открытию отделения Пулевой стрельбы Карасуской районной ДЮСШ (Карасу,2025 жыл)

- Аудандық автоматты жинап құрастыру жарысынан – I орын (2026 жыл)

- Облыстық «Асық ату» жарысын ұйымдастырушысы, Қарасу ауданы 2026 жыл

- облыстық «Зерде» ғылыми жұмыстар байқауынан Сақбай Ж. – III орын (2025 жыл)

13. Молдаш Ерғазы Малшыбайұлы

- «Ел ертеңі – жастар» пікірталас қозғалысы қатысушыларының жиыны» атты 2024 жылғы 11-ауысымның әскери-спорттық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін және автоматты жартылай бөлшектеуден, құрастырудан I орын алған үшін шәкірті - Ибраев Асанали Грамота (Алматы, 2025 жыл)

14. Сакбаев Нұрдәулет Бауыржанұлы

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.

15. Самартаева Карлыгаш Жанболатовна

Облыстық оқу-әдістемелік кеңес отырысының № 3 хаттамасы 2026 жылғы «Көркем геометрия» әдістемелік құралы мақұлданды.

- «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауы – сертификат , 2025 ж.

16. Серикбаева Айдана Жомартқызы

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінің жүлдегері II-дәрежелі диплом (2025жыл);

- Құрмет грамотасы Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Zeyindi bala» балалар журналының ұйымдастырылуымен «Бояулар құпиясы»атты конкурса шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін Мадақтама (2025 жыл);

«Математикалық регада» олимпиадасының облыстық кезеңінен - Мақтау қағазы (2026 жыл)

- «Прокачай навик» аудандық іс-шара – Сертификат, 2026 ж.

17. Суиндикова Назикул Муратовна

- Облыстық бастауыш сынып мұғалімдерінің «Педагогикалық шеберлік мектебі» шеберлік сыныбы – Сертификат, 2026 ж

- «Прокачай навик» аудандық іс-шара – Сертификат, 2026 ж.

18. Айтбаева Арайлым Ермековна

- «Прокачай навик» аудандық іс-шара – Сертификат, 2026 ж.

-Сертификат за участие в районном мастер-классе «Терапия искусством» для родительской общности и детей (2026 жыл)

- «Сынып жетекшілердің желілік мектебі» жобасы аясында ұйымдастырылған «Тәрбиелік кейстердің презентациясы» атты облыстық онлайн-челленджіне қатысып, тәрбие жұмысындағы тиімді тәжірибелерін ұсынды. Сонымен қатар «Болашақтың цифрлық тәрбиелік ортасы» атты облыстық фестивалге қатысып, заманауи цифрлық технологияларды тәрбие жұмысында қолдану бағытындағы тәжірибесімен бөлісті.

19. Хусаинов Бейбіт Базарбайұлы

- Бес асық облыстық жарысының 2-орын Дәулет А., 3-орын – Зейнел А., Апсар М.

20. Теңелбай Динара Теңелбайқызы

- «Функционалды сауаттылық: табысқа қадам» облыстық семинар –Сертификат, 15.05.2026 ж.
- «Шаг в будущее» аудандық кезеңі – 2 орын Турехан Н., 2025 ж
- аудандық ЖББ пәндері олимпиадасы – 3 орын Козубаева Д., 2025 ж.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Оқу жылы	Мұғалімдер саны	БАК өткен мұғалімдер саны	БАК өткен мұғалімдер %
2025-2026	21	6	29

«Педагог мәртебесі туралы» Заңның 7-бабының 12-тармағына сәйкес мектеп 100% мұғалімдері кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Мектепте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары әзірленіп, бекітілді, оған сәйкес педагогтерді әртүрлі деңгейдегі курстарда оқыту жүзеге асырылады, курстық даярлықтан өту мониторингі жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылының ағымдағы уақытында педагогикалық ұжымның 29%- ы (6 мұғалім) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша курстық даярлықтан өтті.

3**Білім алушылардың контингенті****Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:****-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:**

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Барлық оқушылар саны	99	101	104
Көпбалалы отбасылар	20	14	12
Аз қамтылған отбасылар	0	0	0
Қамқоршы	0	0	0
Мүгедек балалар	0	0	0
Қолайсыз отбасы	0	0	0
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар	0	1	0

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:

2025-2026 оқу жылы

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлық контингент	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	жалпы білім беретін сыныптар	4	59	5	41	2	4	11	104

2025-2026 оқу жылының басынан 1-сыныпта - 14 оқушы, 2-сыныпта- 15 оқушы, 3-сыныпта- 15 оқушы, 4-сыныпта – 15 оқушы, 5-сыныпта – 14 оқушы, 6-сыныпта – 5 оқушы, 7-сыныпта – 9 оқушы, 8-сыныпта – 6 оқушы, 9-сыныпта – 7 оқушы, 10-сыныпта – 1 оқушы, 11-сыныпта – 3 оқушы оқиды.

Соңғы 3 жылдағы контингенттер саны:

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Барлық оқушылар саны	99	101	104

- **білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы:**

2023-2024 оқу жылы басында 1-11 сыныптарды – 99 оқушы болды. Оқу жылы ішінде басқа 5 оқушы басқа мектептерге ауысып, 5 оқушы басқа мектептерден келді . Оқу жылы аяғында мектепті 99 оқушы аяқтады.

2024-2025 оқу жылы басында 1-11 сыныптарды – 102 оқушы болды. Оқу жылы ішінде 9 оқушы басқа мектептерге ауысып, 8 оқушы басқа мектептерден келді . Оқу жылы аяғында мектепті 101 оқушы аяқтады.

2025-2026 оқу жылы басында 1-11 сыныптарды – 110 оқушы болды. Оқу жылы ішінде 6 оқушы басқа мектептерге ауысты (Искакова А- 10-сынып, Искаков А. – 9-сынып, Искаков А.-6-сынып, Искакова А. – 4-сынып, Ермек А.- 2-сынып, Жангибай С. – 1-сынып). Оқу жылы аяғында мектепті 104 оқушы аяқтады. Қозғалыс есебі ҰБДҚ жүйесінде орналасқан.

Білім алушылар контингенті бойынша жалпы мәліметтер Ұлттық білім беру деректер базасына енгізіліп, әр жыл сайын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан өзгерістер мен толықтырулар жасалып, жаңартылады.

(әдістемелік ұсынымдарға сәйкес №8 қосымша, басшының қолы қойылып, мөрмен расталып қоса тіркелді.)

		<p>"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 248 бұйрығына оқушыларды білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары сақталды, бұйрық талаптарына сәйкес келеді.</p> <p>Шешім: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес. (Сыныптардың тізімі ҰБДҚ жүйесінде берілген).</p>
4	Оқу-әдістемелік жұмыс	<p>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:</p> <p>-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және олардың сәйкестігі</p> <p>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жыл сайын оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы және тамыз айында мектептің №1 педагогикалық кеңеспен бекітіліп, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданының білім беру бөлімі» ММ сараптамасынан өтеді.</p> <p>2025-2026 оқу жылында оқу жұмыс жоспары 1-11 сыныптардағы білім беру процесі "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады (31.05.2024 жылғы №132 толықтырулармен және өзгерістермен), (бұдан әрі-Стандарт), "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (27.06.2024 жылғы № 161 толықтырулармен және өзгерістермен), (бұдан әрі-үлгілік оқу жоспарлары), "2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" әдістемелік-нұсқаулық хаты (басылымға Әдістемелік-ғылыми Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік кеңесі (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама) негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарасу ауданының білім бөлімінің Ү.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі" КММ педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 23 тамыздағы № 1 хаттамасымен мынадай Үлгілік оқу жоспарлары айқындалды:</p> <p>1-4 сыныптар</p> <p>ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша қазақ тілінде оқытатын сыныптарға арналған Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары 1-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Білім</p>

Министрінің 08.02.2024 № 27 бұйрығымен.

5-9 сыныптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымша қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары 6 - қосымша жаңа редакцияда-ҚР Білім Министрінің 26.10.2023 №323 бұйрығымен.

10-11 сыныптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша. Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары 86 - қосымша жаңа редакцияда-ҚР Білім Министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығымен.

Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 апта, 2-11 сыныптарда-34 апта.

Стандарттың 9-тармағына сәйкес Үш тілді білім беру қазақ, орыс және шет тілдерін деңгейлік меңгеруді қамтамасыз ету жолымен іске асырылады. "Шет тілі" пәнін іске асыру шеңберінде 3-11 сыныптар аралығында ағылшын тілі оқытылады.

Оқу жұмыс жоспарының құрылымы инвариантты және вариативті компоненттерді, тиісті білім деңгейінің оқу жүктемесінің максималды көлемін қамтиды.

-жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін инвариант және вариативті компонент үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы негізінде (бұдан әрі-үлгілік жоспарлар) жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттегі пәндер үлгілік оқу бағдарламасының негізіндегі күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар Күнделік.кз журналында талапқа сәйкес толтырылды, ал вариативті компонент Күнделік.кз журналының қосымша білім беру (ҚББ) бөлімінде толтырылды.

Вариативті компоненттің 5-9-сыныптардағы сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бағытталған.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 6-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 7-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 8-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

5-8 сыныптарда курс бес юнитті қамтиды: «парасаттылық және этика», «азаматтылық және патриотизм», «медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «өмір қауіпсіздігі», «экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті қосымша енгізілді.

Элективті курс бойынша 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат, 11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

«ОПЕК елдерінің географиясы» 10-сыныпқа арналған, құрастырушы Зейнуллина М.Ж., Еликбаева Н.М., Бурамбаева А.Ж. 2021 жылғы 28 шілдедегі Облыстық оқу-әдістемелік кеңесінің № 6 хаттамасы. Қостанай қаласы, 2021 ж.

Мақсаты: оқушылардың Мұнай экспортталушы елдер ұйымы туралы түсінік қалаптастыру, географиялық білімді оқушыларға терең меңгертуге көмектесіп оқушылардың дайындыққа белсенділігін арттыру.

Күтілетін нәтиже: оқушылар «табиғат», «адам», «аймақ», «ел» және «шаруашылық» ұғымдарының мазмұнын біледі. Елдердің геосаяси жағдайына, табиғат байлықтарына географиялық сипаттама бере алады.

«Генетика және селекция негіздері» 11-сыныпқа арналған, құрастырушы Бушенеева К.Б. ISBN 978-601-312-278-6 Қостанай қ. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ.– Наурызым ауданы, 2017 ж.

Мақсаты: генетика ғылымының негізгі заңдылықтарын оқыта отырып, оқушылардың өздік білімдерін кеңейтіп, теориялық білімді практикада қолдануға, яғни генетикалық есептерді шешу жолдарын қарастыру. Селекция ғылымы мен генетика ғылымының арасындағы байланысты оқып-үйрену.

Күтілетін нәтиже: оқушылар өз жобаларымен ғылыми-практикалық конференциялар мен сайыстарға қатыса алады. Әр оқушы өз материалын өздігімен зерттеу, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу, жұмыстың сан алуан түрлерін жүргізуге қабілетті болады.

Бастауыш білім беру стандартының 2-тарауының 25-тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: 1-3 – сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта жылдық оқу жүктемесі 10 сағатты құрайды.

Бастауыш білім беру стандарты 26-тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Негізгі орта білім беру стандарты 56-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру стандартының 50-тармағына сәйкес "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының шеңберінде 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушыларымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

2 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушыларымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

2025-2026 оқу жылы вариативті компонент білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығы, білімге деген қажеттіліктерін ескере отырып белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар: «Логикалық математика», 1-сынып. Құрастырушылар: «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімдері Бухарбай Қ.С., Абдикаримова Ж.К., облыстық оқу-

әдістемелік отырысының №5 хаттамасы, 30.07.2024 жыл.

Мақсаты: мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындау; оқушылардың ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту; оқытуды қажетті дәрежеде дараландыру, әрбір оқушының қызығу қабілетін анықтау үшін тиімді жағдай жасау; барынша баланың өзіндік тәжірибесін анықтау, жетелеу, пайдалану.

Күтілетін нәтиже: дұрыс есептеу тәсілдерін меңгереді; өз бетінше жұмыс жасауға төселеді; әр тақырыпты тиянақтап, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді.

«Шахмат негіздері» курсы бойынша вариативтік сағаттың оқу бағдарламасы, 1-сынып. Құрастырушы: Даулетова Г.Б., Бапанова Г.К., Нурманова А.Е. ISBN 978-601-80509-4-7, Астана: Қазақстандық Шахмат Федерациясы, 2023 ж.

Мақсаты: жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

Күтілетін нәтиже: жаттығу ойындарында, мектепшілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.

«Математикалық карусель», 2-сынып. Құрастырушылар: «Қостанай қаласы білім бөлімінің №24 мектеп-гимназиясы» КММ бастауыш сынып мұғалімдері Каримовой Л.А., Дуненбаева Б.К., облыстық оқу-әдістемелік отырысының №5 хаттамасы, 04.06.2021 жыл.

Мақсаты: ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған есептердің негізін сапалы игеруін қамтамасыз ету, көрнекі-бейнелі, логикалық және абстаркты ойлаулы қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

«Шахмат», 2-сынып. Құрастырушы: «Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі Хусаинов Б.Б, апробациядан 2024-2025 оқу жылында өтеді.

Мақсаты: жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

Күтілетін нәтиже: жаттығу ойындарында, мектепшілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.

«Жас математик» 3-сынып. Құрастырушы Сапарғалиева С.Ш., облыстық сараптама кеңесінің №2 хаттамасы, 30.04.2021 жыл.

Мақсаты: баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту, пәнге терең қызығушылығын арттыру, оқушының белсенділігін арттыру, танымдық белсенділігін арттыра оқыту.

Күтілетін нәтиже: стандартты емес және қызығушылық сипаттағы тапсырмалар негізінде жобалау қызметі және өмірлік жағдайлардағы мәселелерді шешу арқылы математикалық және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту.

«Логика әлемі» 4-сынып. Құрастырушылар: Болатбаева Г.К., Рахимжанова С.А. ISBN 978-601-341-725-7, Алматы қаласы, 2020 жыл.

Мақсаты:оқушылар логикалық есептерді шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы есептерді жылдам шешу мақсатында жеке және топтық курсы алынды.

Күтілетін нәтиже:оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолдана алады, топтарда жұмыс істеу алуға, қабілеттерін жетілдіру мүмкіндігіне жол ашады.

Вариативті компоненттің 5-9-сыныптардағы сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бағытталған. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 6-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 7-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 8-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

5-8 сыныптарда курс бес юнитті қамтиды: «парасаттылық және этика», «азаматтылық және патриотизм», «медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «өмір қауіпсіздігі», «экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті қосымша енгізілді.

Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10-сыныпта 3 сағат, 11-сыныпта 3 сағат. Оның ішінде 1 сағат "Жаһандық құзыреттілік" курсына оқуға, 2 сағат элективті курстарға бөлінеді.

10,11-сыныптағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация дағдыларын, жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу және талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Элективті курстар

«Оқу сауаттылығы» 10-11 сыныпқа арналған элективті курс, құрастырушы: Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қарасу ауданы білім беру бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айтбаева А.Е., аудандық оқу-әдістемелік отырысының №3 хаттамасы, 05.05.2024 жыл.

Мақсаты:оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу, кез-келген мәтіннің мән-маңызы мен өзіндік ерекшеліктері, көркемдік сипатын танытып, оқушы бойында сананы қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:оқушының танымдық көкжиегі кеңейеді, оқылым, тыңдалым, жазылым арқылы шығармашылық белсенділігі артады, жаңа лексико-грамматикалық тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді.

«Дүние жүзі халықтары» 10-11-сыныпқа арналған, құрастырушы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарағаш ауданы «№21 Яссауи атындағы жалпы орта мектебі» КММ география пәні мұғалімі Омарова Л.Б., ISBN 978-601-7953-17-1 Алматы облысы, 2018 ж.

Мақсаты: дүние жүзінің тұрғын халықтары жайлы жүйелі түрде түсінік беру.

Күтілетін нәтиже: Табылған ақпараттарға сауатты талдау жасай алады, өз ойын толық айталады, қалыптасқан жағдайды анықтай алады, болуы ықтимал нәтижені алдын-ала болжам жасайды, алынған нәтижелерді өзінің

ақпаратымен салыстыра алады.

«Генетика және селекция негіздері» 11-сыныпқа арналған, құрастырушы: Бушенеева К.Б. ISBN 978-601-312-278-6 Қостанай қ. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ.– Наурызым ауданы, 2017 ж.

Мақсаты: генетика ғылымының негізгі заңдылықтарын оқыта отырып, оқушылардың өздік білімдерін кеңейтіп, теориялық білімді практикада қолдануға, яғни генетикалық есептерді шешу жолдарын қарастыру. Селекция ғылымы мен генетика ғылымының арасындағы байланысты оқып-үйрену.

Күтілетін нәтиже: оқушылар өз жобаларымен ғылыми-практикалық конференциялар мен сайыстарға қатыса алады. Әр оқушы өз материалын өздігімен зерттеу, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу, жұмыстың сан алуан түрлерін жүргізуге қабілетті болады.

«Қазақстан тарихы пәнінен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары» 11-сыныпқа арналған, құрастырушы: Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қарасу ауданы білім беру бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік тілде оқытатын жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәні мұғалімі Ахметов М.М., апробациядан 2024-2025 оқу жылында өтеді.

Мақсаты: тарих пәнін оқыта отырып оқушылардың ҰБТ-да жоғары нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтиже: Қазақстан тарихын оқып білу, жоғарғы оқу орнына емтихан тапсыру үшін ғана қажет етіп қоймай, өмірлік қажеттілік деп қарау керек. 11 жылдан бері жоғарғы оқу орындарына талапкерлерді дайындау, орта мектепті бітіру, тестілеу арқылы жүзеге асырады.

Бастауыш білім беру стандартының 2-тарауының 25-тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: 1-3 – сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта жылдық оқу жүктемесі 10 сағатты құрайды.

Бастауыш білім беру стандарты 26-тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Негізгі орта білім беру стандарты 56-тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру стандартының 50-тармағына сәйкес "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының шеңберінде 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушыларымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Білім беру мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мазмұн өлшемдері – жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-шаралардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі

2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтары негізінде ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысының басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елжанды, білімді, еңбекқор, жауапты, мәдениетті, заңды құрметтейтін және қоғам өміріне белсенді араласатын тұлғаны тәрбиелеу болды.

Тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүйелі жүргізіліп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әртүрлі бағыттағы іс-шаралармен қамтылды. Жыл бойы тәрбие жұмыстары мемлекеттік мерекелерге, тарихи даталарға, ұлттық құндылықтарға, құқықтық мәдениетке, экологиялық тәрбиеге, қауіпсіздік мәселелеріне және отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталды.

I. Азаматтық-патриоттық тәрбие

Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттық сағаттар, флешмобтар, кітап көрмелері, сурет байқаулары ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күні, Республика күні, Жеңіс күні мерекелеріне арналған тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар тарихи тұлғалар мен ел тарихы туралы білімдерін толықтырды.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Домбыра – бабалар аманаты», «Ұлттық мұра – ұрпаққа өнеге», «Тарихыңды таны» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастырылды.

II. Құқықтық тәрбие және «Заң және тәртіп» бағыты

Оқу жылы ішінде құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Сынып сағаттары, профилактикалық кездесулер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, оқушыларға құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, буллингтің, интернеттегі қауіптердің алдын алу бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Аудандық полиция қызметкерлерімен, мектеп инспекторымен кездесулер өткізіліп, заң талаптарын сақтау мәселелері қарастырылды. Жазғы демалыс кезеңінде қауіпсіздік ережелері мен кешкі уақытта ата-анасыз жүрудің жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың құқықтық мәдениеті қалыптасып, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары күшейтілді.

III. Рухани-адамгершілік тәрбие

Оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық – ізгілік белгісі», «Мейірімді жүрек», «Үлкенге құрмет – кішіге ізет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Қайырымдылық акцияларына қатысу арқылы оқушылар қамқорлық көрсету, жанашырлық таныту, өзгенің еңбегін бағалау сияқты қасиеттерді меңгерді. Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

IV. Еңбек және экологиялық тәрбие

Оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру және табиғатты қорғау мәдениетін арттыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында сенбіліктер, аумақты тазарту жұмыстары, гүл отырғызу және

көгалдандыру шаралары өткізілді. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарына оқушылар белсенді қатысты. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаны аялау тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Жазғы сауықтыру алаңында балалармен табиғат аясында экскурсиялар, пикниктер ұйымдастырылып, қоршаған ортаны қорғау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

V. Эстетикалық және шығармашылық тәрбие

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет байқаулары, қолөнер көрмелері, концерттік бағдарламалар, флешмобтар, ән және би байқаулары өткізілді. Жазғы демалыс кезінде «Бояумен бақыт сыйлайық» шығармашылық күні, аквагрим шаралары, спорттық ойындар ұйымдастырылып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалды. Мәдени орындарға экскурсиялар ұйымдастырылып, аудандық кітапханаға, музейлерге, тарихи орындарға танымдық сапарлар жасалды.

VI. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Оқу жылы ішінде оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық жарыстар, көңілді старттар, ұлттық ойындар және денсаулық күндері өткізілді. Зиянды әдеттердің алдын алу, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау және интернет қауіпсіздігі бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Спорттық іс-шараларға қатысқан оқушылар саны артып, дене шынықтыруға қызығушылықтары жоғарылады.

VII. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылды. Жыл ішінде ата-аналар жиналыстары өткізіліп, бала тәрбиесі, қауіпсіздік, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет мәдениеті және жазғы демалысты ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Ата-аналар мектеп өміріне белсенді қатысып, тәрбие жұмыстарының тиімді жүзеге асуына қолдау көрсетті. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық нығайды.

Жылда аталып өтілетін мерекелік іс-шаралар мен акциялар:

Қыркүйек айында «Білім күні», «Тілдер күні», «Күзгі балл», «Денсаулық күні», балалардың өмір қауіпсіздігі мен жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы апталықтар мен он күндіктер.

Қазан айында «Қарттар күні», «Ұстаздар күні», «Мейірімділік күні».

Қараша айы «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы асыл қазына» он күндік, «Зорлық – зомбылықсыз 16 күн» республикалық акция.

Желтоқсан айы тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар, Халықаралық ЖИТС пен күресу күні, құқықтық тәрбие беру айлығы, отбасындағы зорлық-зомбылықтарды болдырмаудың алдын алу жұмыстары, «Жасыл шырша жанында» атты мерекелік іс-шара.

Наурыз айы «Алғыс күні», Халықаралық әйелдер күні, «22 наурыз», азаматтық қорғаныс күні.

Сәуір айы «Ғарышкерлер күні», «Үздік жасыл сынып акциясы».

Мамыр айы «Қазақстан халқының бірлік күні», жеңіс күніне арналған іс-шаралар, «Сыңғырла соңғы қоңырау».

Маусым айы «Балаларды қорғау күні», ҚР рәміздер күні, Есірткімен күрес күні, «Мектеп бітіру кеші», Түлектер аллеясына ағаш отырғызу акциясы,

«Ақ желкен» мектеп ауласынан құрылған лагердің ашылуы.

Оқушылар ұжымын біріктіру, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту және педагогтер мен балалар

арасындағы ынтымақтастық мақсатында «Жас Ұлан», «Жас Қыран», балалар ұйымының, сондай – ақ «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқаруының қызметі жұмыс атқарады.
«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қамтылу көрсеткіші

Жылдар	Жалпы балалар саны	«Жас Қыран» 1-4 сыныптар	«Жас Ұлан» 5-11 сыныптар	Мектеп парламенті (сынып әкімдері) 7-10 сыныптар
2025 – 2026	110	14	14	10

«Жас Ұлан» балалар ұйымының әр жыл сайын қыркүйек айында тілдер күніне орай «Тілім - тірегім» атты салтанатты жиынын өткізіп ,сахналық қойылым, дебат сайысы, зияткерлік ойындар ұйымдастырады.

Қыркүйек айының үшінші аптасында «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жүргізіледі.

1 қазан қарттар күніне орай «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында ата – әжелерге арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

9,10,11 сынып оқушылары ұстаздар күніне орай дублер күні мен мерекелік концерт ұйымдастырып , өздерінің ұстаздарына құрмет көрсетті.

«Жолда жүру ережесін сақтайық!» жас жол инспекторлары сайысы, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Ән жырымыз саған арналады» патриоттық әндер сайысы, желтоқсан айында «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбындағы түрлі формада спорттық сайыстар ұйымдастырылды.

Патриоттық тәрбиенің жастар болашағы үшін маңызы зор. Оқушылардың АӘЖТД пәнінен алған теориялық білімдерін іс – тәжірибе негізінде жетілдіріп, болашақ жас сарбаздарды әскер қатарына дайындау мақсатында «Жас сарбаз» ұйымы құрылды. Ұйым оқушылары дала жаттығуларына қатысумен қатар аудандық сайыстарының жүлдегерлері.

Оқушылар оқу – дала жиындарында алғаш рет оқ қаруын қолданып, сарбаз міндетін сезінеді. Оқу – дала жиыны жастарға тактикалық дайындық, атыс дайындығы, саптық дайындық және әскери топография жөнінде практикалық сабақтар өткізіледі.

Әр оқу жылындағы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жобасын іске асыру бойынша

2025–2026 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында ата-аналармен жоспарлы және жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жобаның негізгі мақсаты – отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейту және қолайлы тәрбиелік орта қалыптастыру болып табылады. Жыл бойы ата-аналарға арналған жиналыстар, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, пікір алмасу кездесулері мен жеке кеңестер ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер, жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық қолдау, интернет қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, оқу мотивациясын

арттыру және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Ата-аналарға балалармен тиімді қарым-қатынас орнату, олардың қабілеттерін дамыту, эмоционалдық қолдау көрсету және бос уақытын дұрыс ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді. Сонымен қатар ата-аналар мектептің тәрбиелік іс-шараларына белсенді қатысып, бірлескен жұмыстарға тартылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың мектеппен байланысы нығайтып, бала тәрбиесіндегі серіктестік қарым-қатынас қалыптасты. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артып, тәрбие жұмыстарына деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғарылады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде 2017 жылғы 17 мамырдағы №59/1 бұйрығына енгізу мақсатына сәйкес 12.05.2017, № 56/1 қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және құрамын сайлау бойынша мектепшілік бұйрық шығарылып бекітіледі. Қамқоршылық кеңесінің құрамы 9 адаммен жасақталды. Құрамын сайлау барысында барлық ережелер сақталды және де қажеттілікке қарай өзгертіліп отырады. Өткізілген отырыстарына хаттамалар қоса жазылады. 2025-2026 оқу жылдарында ұйым мүшелері келесі жұмыс барысында қолдау көрсетті;

«Мектепке жол» акциясы.

Қайырымдылық шаралары.

Мектепшілік іс-шаралар.

«Ұлттық киім күні» аптаның әр жұмасы.

Ата-аналар жиналысы.

Аудандық, облыстық және республикалық қайырымдылық акциялары.

Аудан сыртында ұйымдастырылатын жарыстар мен сайыстарға бару.

«Өлке тану» бағыты бойынша экскурсиялар .

Қайырымдылық жәрмеңкелер т.б.

Қосымша біліммен қамту (мектептегі үйірмелер мен секциялар).

Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың ұлғаю динамикасы

№	Қамтылған жылдар	Оқушылар саны		
		Жалпы бала саны	Қамтылған оқушы саны	Сапа
1	2025-2026	110	134	100%

2025 – 2026 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» жобасы аясында атқарылған шаралар.

2021 жылдан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектепшілік жұмыс жоспары құрылып, 6 бағыты бойынша оқушылармен рухани – тәрбиелік іс-шаралар өткізілді;

Қазан айында «Жаныңда жүр жақсы адам» акциясы, мектеп оқушылары жалғыз басты қарттарға барып

мерекелерімен құттықтап, көмек көрсетеді.

Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасының жұмысы да маңызды болып табылады. Мектеп кітапханасында өткізілген жұмыстар:

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы.

«Ұрпақ сабақтастығы» тақырыбында жастардың зиялы қауым өкілдерімен кездесу.

«Туған жерге тағзым» акция.

Аудан кітапханаларында сыр өңірінің тарихына және сыр бойынан шыққан тұлғаларға арналған кітап көрмесі.

2025 -2026 оқу жылдары.

Антитерроризмге қарсы іс-қимыл:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ – де діни экстремизм мен терроризмнің алдын – алу жұмыстары бойынша бұйрық шығарылып, насихаттаушы ақпараттық топтың құрамы бекітілді.

Антитерроризмге қарсы іс-қимылдарды болдырмау үшін төмендегідей жұмыстар атқарылады:

Мектеп қызметкерлеріне террорлық әрекеттен сақтану, қауіпсіздік шараларына дайын болу жөнінде видео материалдар көрсетіледі;

Бірінші қабаттағы күзетшіге сырттан келген бөгде адамды мектеп ішіне кіргізбеуді қатаң түрде ескертіледі;

Сынып жетекшілері оқушыларға күдікті заттарды ұстамау, ересектерге хабар беруді үйретеді;

Тыйым салынған сайттарға кірмеу ескертіледі;

Телефон арқылы жалған ақпарат бермеу, егер жалған ақпарат берген жағдайда тиісті заң өкілдері жауапқа тартуы мүмкін екендігі ескертіледі.

Қалыптасу жолдары мен қоғамдық құрылысқа тигізер ықпалын анықтау барысында:

Қоғамдық антитерроризмге қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады;

9 сыныптарға арналған дінтану сабағында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізіледі;

Оқушыларға бүгінгі күннің өзекті мәселесі антитерроризм екендігін түсіндіре отырып, бірнеше ашық тәрбие сағаттары жүргізіледі;

Арнайы қоғамдық заң орындарынан келіп 9-11 сыныптар арасында түрлі бағыттарда іс-шаралар өткізіп, түсініктер бере отырып ҚР лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері мен қазіргі ахуалы жайлы ақпараттармен бөліседі.

Кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қызметкерлерімен «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында әңгімелесу өткізіледі.

Акциялар, сынып сағаттары, тақырыптық іс-шаралар:

«Смартфонсыз бір күн» акциясы, «Терроризм – ғасыр қауіпі», «Әлемдік діндер.Тарих және заман», «Ислам мәдениеті», «Құқық бұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу», «Заң және жауапкершілік», «Жасөспірім және діни секталар», «Қазіргі діни ұйымдар» т.б.

